

**Ауданның село мен ауылдарын көркейту және санитарлық тазалау,
инфрақұрылымдық объектілерін, жасыл алқаптарын ұстау ережелері туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 27 ақпандағы N 6-5с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 24 наурызда N 1194 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 2 тамыздағы N 9-23с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихаттың 02.08.2010 N 9-23с шешімімен

Қазақстан Республикасын "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, аудандық мәслихат
Ш Е Ш Т І :

1. "Ауданның село мен ауылдарын көркейту және санитарлық тазалау, инфрақұрылымдық объектілерін, жасыл алқаптарын ұстау ережелері" бекітілсін.
(Т і р к е л е д і)

2. 2001 жылдың 25 желтоқсандағы N 7-16с аудандық мәслихаттың шешімі күшін жойды деп есептелсін.

*А у д а н д ы қ
м ә с л и х а т т ы х а т ш ы с ы ,*

сессия төрайымы

Ауданның село мен ауылдарын көркейту және
санитарлық тазалау, инфрақұрылымдық
объектілерін, жасыл алқаптарын ұстау
ережелері туралы 2004 жылғы 27 ақпандағы
мәслихаттың 5 сессиясының N№6-5с шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

**Ауданның село мен ауылдарын көркейту
және санитарлық тазалау, инфрақұрылымдық
объектілерін, жасыл алқаптарын ұстау ережелері
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

Осы ережелер Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дайындалды және ауданның село мен ауылдарды көркейту, санитарлық тазалау, жасыл алқаптарын ұстау, қорғау тәртібін және жағдайын белгілейді. Заңды және жеке тұлғалардың меншік түріне қарамай, өндірістік пен аула ішіндегі аумақты ұстау жөніндегі құқығын және міндеттерін, қоғамдық орындарды пайдалану жөніндегі міндеттерді анықтайды және осы ережелерді бұзғаны үшін адамдардың жауапкершілігін белгілейді.

Пайдаланылатын анықтамалар:

Мүдделі жақтардың келісімі - шектес жер учаскелері меншіктерінің және пайдаланушылардың арасындағы осы учаскелерді ұстау жөніндегі жауапкершілікті шектеу туралы таласты мәселе жөніндегі келісім.

Жер учаскесін ұстау - жерді тиімді пайдалану, экологиялық қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық және халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету мақсатымен өткізілетін ұйымдастыру және техникалық шаралардың жинағы.

Жер учаскесі - Заң тәртібімен белгіленген құқықтық қатынас, жердің субъектілерге бекітілген және тұйық шекарадағы бөлінген жер бөлігі.

Жер учаскесін ұстау мәселесі меншіктермен және пайдаланушылармен өз бетімен немесе жұмыс құрамын, сапалы баға белгісін, екі жақтың жауапкершілігін ескеретін, адамды жалдау туралы келісім жасау арқылы жүргізіледі.

Осы ережелер ауданның село мен ауылдардың аумағында меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларға, лауазымды қызметкерлерге міндетті болып табылады.

2. Аумақты ұстау үшін қойылатын талаптар

1. Меншік түріне қарамай кәсіпорын, мекеме және ұйым басшыларына дүкендердің, дүңгіршектің, сауда павильондарының иелеріне, жалдаушыларына және тағы басқаларына ұсынылады:

Көшелерді және жақындағы аумақтарды күнделікті санитарлық жинау, сыпырынды мен қарды өз күшімен немесе басқа кәсіпорындарымен келісім негізінде шығаруды қамтамасыз ету. Жер учаскесін және жақындағы аумақтарды жинау, тазалықта ұстау үшін басшы тағайындайтын қызметші немесе оның өзі жауапты болады.

Егер, құрылыс көшенің бір жағында тұрса, тазалау барлық көше бойында және тротуарларда жүргізіледі.

2. Үйлердің алдыңғы жағын және құрылыстарды, кіретін есіктерді сырлау және жөндеу, әкімшілік және өндірістік құрылыстардың витринасын және

терезелерін жуу, газонды және жасыл алқаптарды күту, арам шөпті дер кезінде ж ұ л у .

3. Жер асты құрылыстарын қазу, төсеу, өзгерту, жөндеу, жаңа құрылысты бастау, тәртіпке сәйкес құжаттарды тіркегеннен кейін ғана жүргізіледі.

4. Айналадағы ортаның ластануын жоюға және ескертуге бағытталған санитарлық-эпидемиологиялық шараларды әзірлеу және іске асыру.

5. Тұрғын үй иелерінің міндеті:

Күл мен қоқыс жинайтын арнаулы жинақтарды жабдықтау.

Арнаулы белгіленген орындарға өз күшімен күл мен қоқыстарды, қарды шығаруды ұйымдастыру немесе осы түрдегі жұмысты орындауға келісім жасау.

Үй иелері, үйден жүретін жолға дейінгі жер учаскесін ұстауды қамтамасыз ету.

3. Сыртқы көркейту элементтерін ұстау

6. Шарбақ, дуал бекіту, газондар, дүңгіршектер, павильондар, дүкендерді және тағы басқаларды құру, бекітілген тәртіпке сәйкес олардың орындарын бекіту жоба келісілген кезінде рұқсат етіледі.

7. Жылжымалы ұсақ бөлшек сауда орындарына рұқсатты аудан сәулетшісімен келісілген соң, жедел басқару бөлімі береді.

8. Құрылыс алаңдары және орындары жұмыс мерзімінің аяғына дейін белгіленген үлгімен барлық периметр бойынша дуалмен қоршалған болуы керек. Құрылыс алаңдары, кіре берістері, автокөлікпен шығу кезінде көшенің ластануын болдырмау мақсатымен көркейтілуі керек.

9. Жер учаскелерінің иелері жәшіктерді сыпырындыдан дер кезінде тазалап отыруға міндетті. Дүкендер, дүңгіршектер, сауда орындарында жәшіктерді солардың иелері қояды. Сауда орындарындағы жәшіктер түзу және таза ұсталуы, сыпырындылар жиналған кезде тазалап, жуылуы және дезинфекциялануы қажет.

10. Инженерлік тарамдары бар өұйымдардың басшылары ор, су құбыры және басқа құдықтардың қақпақтары, жолдың деңгейінде болғандай және тұрақты түзу жағдайда ұстау үшін жиі байқалуы тиіс.

11. Көмір отымен жұмыс істейтін қазандық иелері жер учаскелерінен боқаттарды жиі тазалап, шығаруға, өртке қарсы қауіпсіздік нысандарын қамтамасыз етуге, ол үшін белгіленген орында отынды қоймалауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Село мен ауыл аумақтарын пайдалану кезінде шек қою

Т ы ы м с а л ы н а д ы :

12. Көшенің жолдарын және тротуарларын, жағаларын, құламаларды, гүл

бақтарын және басқа қоғамдық орындарды ластауға (қоқыстар, қағаздар және тағы басқаларды тастау). Арнайы белгіленген орыннан басқа жерде темекі ш е г у г е ;

13. Тротуарларға және аула аумақтарына, жүретін жолға, ағаштардың түбіне, газондарға, құдықтарға мұзды, қарды, сазды, қоқыстарды тастауға, құрылыс материалдарын, көмірді, ағаштарды, оның қалдықтарын үйіп қоюға;

14. Ағаштарды, талдарды, бұтақтарды шабуға, сындыруға, жемістерді, газондардағы егілген гүлдерді жұлға, газондармен жүруге;

15. Заттарды асфальт үстімен сүйреп тастауға;

16. Село мен ауылдың көшелерімен сәйкесті органның рұқсатынсыз ауыр салмақты және шынжыр табанды механизмдердің қозғалысына;

17. Жарнамаларды және хабарламаларды дуалдарға, ғимараттың алдыңғы жағына, ағаштарға және басқа да белгіленбеген орындарға жапсырып қоюға;

18. Село мен елді-мекендерде, тұрғын үйлердің жанында, парктерде және басқа жерлерде жапырақтарды, бұтақтарды жағуға.

5. Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

19. Осы ережелерді бұзғаны үшін кінәлі заңды және жеке тұлғалар, лауазымды қызметкерлер, егер өз құрамы бойынша олардың іс-қимылдары қылмысты жауапкершілікке жатпаса, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзу туралы" Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

20. Осы ережелердің сақталуын қадағалау, Қазақстан Республикасының Заңы белгілеген тәртіп бойынша, сәйкесті мемлекеттік бақылау органдары жүзеге асырады.